3D visualizer экранын басқанда Schematic capture экранындағы сұбаның 3Д моделі шығады, PCB Layout экранында баспа платасында элементтердің бір біріне жалғанғаны көрініп тұрады.



17-сурет. – Баспа платасының трассировкасын 3D visualizer

Сонымен 8.6 протеус жүйесінде кез келген электрлік сұлбаларды құрастырып, элементтерді баспа платасына вертулды орналастырып, 3Д моделінде визуализация жасауға болады.

Тағыда PIC, AVR, ARDUINO, Cortex микропроцессорларыменде осы аталғандарды істеуге болады, asm бағдарламасында осы бағдарламаға жазуға болады.

Қорытынды. Бұл мақалада кез келген аналогты және цифрлық құрылғылардың сұлбаларын вертуальды моделдеген, құрастырған. 8.6 протеус бағдарламалық пакетте бірін бірлеп қалай құрастыруға болатыны көрсетілген.

8.6 типті бағдарламалық пакет кез келген электронды құрылғылардың сұлбаларын Schematic capture (Схематехника) де құрастырып, оның жұмысын стимуляция жасап, PCB Layout (printed circuit board layout – баспа платасында орналасуы) жобалап, трассировка жасап, 3D visualizer де моделдегені көрсетілген. Қарастырылған мақала оқу жүйесінде қолдануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1 Proteus 8: Полное руководство / Иванова А., - ДМК Пресс, 2023 – 244 с. <https://avr.ru/tools/proteus/guide> (дата обращения: 08.11.2024).

2 PROTEUS по-русски. Радио – ежегодник 2013 выпуск 24. <http://www.rlocman.ru/forum/kfilesmanager.php?do=downloadfile&dlfileid=462> (дата обращения: 08.11.2024).

3 Белов А.В. Разработка устройств на микроконтроллерах AVR. Книга + видеокурс. – СПб: Наука и Техника, 2013. – 528 с. + CD. <https://www.elec.ru/library/nauchnaya-i-tehnicheskaya-literatura/razrabotka-ustr-v-na-avr/> (дата обращения: 08.11.2024).

REFERENCES

1 Proteus 8: Polnoye rukovodstvo / Ivanova A., - DМК Press, 2023 – 244 s. <https://avr.ru/tools/proteus/guide> (data obrashheniya: 08.11.2024).

2 PROTEUS po-russki. Radio – yejegodnik 2013 vipusk 24. <http://www.rlocman.ru/forum/kfilesmanager.php?do=downloadfile&dlfileid=462> (data obrashheniya: 08.11.2024).

3 Belov A.V. Razrabotka ustroystv na mikrokontrollerax AVR. Kniga + videokurs. – SPb: Nauka i Tekhnika, 2013. – 528 s. + CD. <https://www.elec.ru/library/nauchnaya-i-tehnicheskaya-literatura/razrabotka-ustr-v-na-avr/> (data obrashheniya: 08.11.2024).

Авторлар туралы мәлімет:

Абулханова Марал Юлдашевна, оқытушы, maral2017@inbox.ru;

Ибекеев Серикбек Елемесович, докторант, аға оқытушы,
s.ibekeyev@satbayev.university;
Хабай Анар, PhD, қауымдастырылған профессор, *a.khabay@satbayev.university;*
Кыдырбаева Назым Кияшовна, аға оқытушы, *naz-k@list.ru.*

Сведения об авторах:

Абулханова Марал Юлдашевна, преподаватель, *maral2017@inbox.ru;*
Ибекеев Серикбек Елемесович, докторант, старший преподаватель,
s.ibekeyev@satbayev.university;
Хабай Анар, доктор PhD, ассоциированный профессор,
a.khabay@satbayev.university;
Кыдырбаева Назым Кияшовна, старший преподаватель, *naz-k@list.ru.*

Information about authors:

Abulkhanova Maral Yuldashevna, lecturer, *maral2017@inbox.ru;*
Ibekeyev Serikbek Yelemesovich, doctoral student, senior lecturer,
s.ibekeyev@satbayev.university;
Khabai Anar, PhD, Associate professor, *a.khabay@satbayev.university;*
Kydyrbaeva Nazym Kiyashevna, senior lecturer, *naz-k@list.ru.*

Мақаланың редакцияға түскен уақыты: 17.10.2024 ж.

ӘОЖ 355.01
ҒТАМР 78.15.01

А. АМАНЖОЛҰЛЫ

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Шекара академиясы, Алматы қ.*

КУРСАНТТАРДЫҢ ТАРИХИ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРОБЛЕМАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ МӘДЕНИТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҰҒЫРЛАР

Түйіндеме. Мақалада Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары негізінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастыру проблемасын зерттеудегі әдіснамалық негізі ретінде мәдениеттанымдық және этнопедагогикалық тұғырлардың әлеуеті мен мүмкіндіктері ашылады. Білім алушылардың кәсіби дамуын оңтайландыру мақсатында әскери, арнаулы оқу орнына енгізу үшін осы тұғырлардың теориялық негізділігі мен қолданылуы ашылады. Автормен мәдениеттанымдық және этнопедагогикалық тұғырлар бойынша бірнеше авторлардың көзқарастары мен пікірлеріне талдау жүргізілді және аталған тұғырлардың негізгі ұғымдары, ұстанымдары мен әдістері ашылды. Мақала «Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие және идеологиялық жұмыс процесінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастыру» атты тақырыбындағы диссертациялық зерттеу және Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің «Ұлттық қауіпсіздік органдарының бөлімшелерінде тәрбие және идеологиялық жұмысты ұйымдастыруды цифрлық қолдау орталығын әзірлеу мен енгізудің ғылыми-практикалық негіздері» атты тақырыбында Ғылым комитеті қаржыландыратын зерттеуге жіберілген тапсырыс аясында дайындалды.

Түйін сөздер: тұғыр, әдіснамалық тұғыр, мәдениет, этнос, мәдениеттанымдық тұғыр, этнопедагогикалық тұғыр, ұлттық құндылықтар, тарихи сана, курсант, ұстанымдар.

А. АМАНЖОЛҰЛЫ

Пограничная академия КНБ Республики Казахстан, г. Алматы

КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ И ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ КУРСАНТОВ

Аннотация. В статье раскрываются потенциал и возможности культурологического и этнопедагогического подходов как методологической основы исследования проблемы формирования исторического сознания курсантов на основе национальных ценностей Республики Казахстан. В целях оптимизации профессионального развития обучающихся раскрывается теоретическая обоснованность и применение данных подходов для внедрения в военное, специальное учебное заведение. Автором проведен анализ взглядов и мнений нескольких авторов по культурологическому и этнопедагогическому подходам и раскрыты основные понятия, принципы и методы указанных подходов. Статья подготовлена в рамках диссертационного исследования на тему «Формирование исторического сознания курсантов в процессе воспитательной и идеологической работы на основе национальных ценностей Республики Казахстан» и заявки на исследование, финансируемого Комитетом науки Министерства науки и образования Республики

Казахстан на тему «Научно-практические основы разработки и внедрения центра цифровой поддержки организации воспитательной и идеологической работы в подразделениях органов национальной безопасности».

Ключевые слова: подход, методологический подход, культура, этнос, культурологический подход, этнопедагогический подход, национальные ценности, историческое сознание, курсант, принципы.

A. AMANZHOLULY

Border Academy of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan, Almaty

CULTUROLOGICAL AND ETHNOPEDAGOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF THE PROBLEM OF THE FORMATION OF HISTORICAL CONSCIOUSNESS OF CADETS

Annotation. The article reveals the potential and possibilities of cultural and ethnopedagogic approaches as a methodological basis for studying the problem of the formation of historical consciousness of cadets based on the national values of the Republic of Kazakhstan. In order to optimize the professional development of students, the theoretical validity and application of these approaches for implementation in a military, special educational institution are revealed. The author analyzes the views and opinions of several authors on cultural and ethnopedagogic approaches and reveals the basic concepts, principles and methods of these approaches. The article was prepared as part of a dissertation study on the topic "Formation of historical consciousness of cadets in the process of educational and ideological work based on the national values of the Republic of Kazakhstan" and an application for research, funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Education of the Republic of Kazakhstan on the topic "Scientific and practical foundations for the development and implementation of a digital support center for the organization of educational and ideological work in the units of national security agencies".

Keywords: approach, methodological approach, culture, ethnos, cultural approach, ethnopedagogical approach, national values, historical consciousness, cadet, principles.

Кіріспе. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз жалпыұлттық бірлікті қалыптастырудың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігін қалыптастырудың, оның егемендігін нығайтудың, азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеудің басты факторларының бірі ретінде өткеннің объективті бейнесін жасауды айқындады. Бүгінгі Қазақстанның тұрақты дамуы өткен тарихты объективті тұрғыдан жалғастыра білумен байланысты болса, оның болашағы да тарихтың шынайылығымен анықталады.

1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің отырысында тарихи сананы қалыптастыру Тұжырымдамасы қабылданды [1]. Бұл құжат Қазақстандағы тарихи білім беруді дамытудың жолдары мен құралдарын және оның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы орнын анықтауда негіздердің біріне айналды.

Сонымен қатар 2023 жылғы 17 маусымда Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті әділетті Қазақстанды құру үшін жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеуіміз керектігін және ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін ұлтымыздың тарихи санасын жаңғырту қажеттігін айтты [2].

Мәселені қою. Ғылыми зерттеуді жүргізу үшін оның ғылыми аппаратына сүйене отырып, диссертациялық зерттеудің әдіснамалық өрісін анықтау қажет, оның негізінде проблема туралы түсінік құрылады, мақсаттар мен міндеттер, сондай-ақ оларды шешу жолдары анықталады және иерархиялық түрде салыстырылады, бұл зерттеу мәселесін

неғұрлым толық ашуға мүмкіндік береді. Бұл Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие және идеологиялық жұмыс процесінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастыру проблемасын зерттеу үшін әдіснамалық тұғырлар шеңберін қарастыру және анықтау қажеттілігін тудырады.

Курсанттардың тарихи санасын қалыптастыруды зерттеуде мәдениеттанымдық және этнопедагогикалық тұғырларды қолдану ұлттық құндылықтар мен мәдени дәстүрлерді құрметтеуге негізделген тарихқа тереңірек және саналы көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

Мәдениеттанымдық тұғыр тарихи сананы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылықтарды, сенімдерді, нормалар мен белгілерді қамтитын мәдениеттің бөлігі ретінде қарастырады. Бұл тұғыр тарихты қабылдауға әсер ететін мәдени ерекшеліктер мен дәстүрлерді ескеруге мүмкіндік береді. Бұл курсанттарға тарихи оқиғалардың мәдени бірегейлігі аясында қалай қалыптасқанын түсінуге көмектеседі.

Этнопедагогика білім беру процесінде ұлттық құндылықтар мен дәстүрлердің маңыздылығына назар аударады. Бұл курсанттардың өз мәдениеті мен тарихына қатыстылық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде олардың тарихи санасын нығайтады.

Негізгі бөлім. Ғылымда әдіснамалық тұғыр деп табиғи немесе әлеуметтік шындықтың кез-келген объектісін тану немесе қайта құру процесінде қолданылатын ұғымдар, идеялар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы түсініледі. Оның әдіснамалық мағынасында қабылданған «тұғыр» ұғымын зерттеудің қағидатты әдіснамалық бағдары ретінде, зерттеу объектісі қарастырылатын көзқарас ретінде (объектіні анықтау тәсілі), зерттеудің жалпы стратегиясын басқаратын ұғым немесе қағидат ретінде анықтауға болады [3].

Біздің зерттеуімізде әдіснамалық тұғырлардың әлеуетін қарастыру Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие және идеологиялық жұмыс процесінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастыруды зерттеуге бағытталған. Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие және идеологиялық жұмыс процесінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастыруды зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде мәдениеттанымдық және этнопедагогикалық тұғырлар таңдалды. Аталған тұғырларды зерттеу проблемасы бойынша әлеуетін жеке қарастырайық.

Мәдениеттанымдық тұғыр – бұл білім беру құбылыстарын, олардың белгілі бір қоғамның мәдениетімен байланысын түсіндіру [4].

Мәдениеттанымдық тұғырдың негізін білім беру мәдени орта құрылымындағы білім беру, тәрбие және мәдени процес қалайды.

Мәдениеттанымдық тұғыр курсанттардың ұлттық құндылықтар негізінде тарихи санасын қалыптастыруда, оларды рухы асқақ, адамгершілігі кемел, отаншыл азаматтар ретінде сомдауға қажетті қасиеттерді қалыптастырудың әдіснамалық негізі ретінде қарастырылады. Бұл тұғырдың негізін қалыптастырушылар ретінде И. Ф. Исаевті, В.С. Библерді, А.Н. Ростовцевті, Е.В. Бондаревскаяны, М.В. Богуславскийды, И.И. Зарецкаяны, А.П. Валицкаяны атауға болады [5].

Педагогикалық зерттеулерде қолданылатын макрометодологиялық тұғыр ретінде мәдениеттанымдық тұғыры адамзат, ұлт, мемлекет және қоғам жинақтаған мәдениеттің барлық байлығын мағыналы және мақсатты пайдалануға мүмкіндік беретін теориялық, әдіснамалық және практикалық тұрғыдан ерекше мәнге ие. Мәдени көзқарас «адам-мәдениет», «адам-адам» жүйелеріндегі адамға педагогикалық әсер ету процесі мен нәтижелеріне әсер етеді.

Осыған байланысты, педагогикалық зерттеулерде мәдениеттанымдық тұғырды қолданудың мүмкіндіктері мен шектеулерін ескере отырып, алдымен мәдениеттің қандай тұжырымдамасында зерттеу жүргізу керек екенін, мәдениеттің көптеген анықтамаларының қайсысына сүйену керектігін анықтау қажет. Мәдениет ұғымына

бірнеше жіктелуі жасалды (1-кесте):

1-кесте.

Мәдениет ұғымының жіктелуі	
Жіктеу	Жіктеуді түсіндіру
Мәдениет норма ретінде	Бұл тұғырды алғаш рет Э. Тайлор [6] негіздеді, ол «мәдениет адамның қоғам мүшесі ретінде үйренген білімінен, наным-сенімдерінен, заңдарынан, әдет-ғұрыптарынан тұрады», яғни қоғамдық қатынастарды реттеудің нормативтік жүйесі ретінде әрекет етеді.
Мәдениет дәстүр ретінде	Бұл топтың ғалымдары үшін мәдениеттің маңыздылығы тек қазыр және осы жерде ғана емес, ол халықтың тарихи жады, қорғау элементі болып табылады.
Мәдениет адам және қоғамды өзгерту құралы ретінде	Бұл идеяларды дамытатын ғалымдар мәдениет туралы тек сабақтастық тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге оның адам мен қоғамды өзгерту мүмкіндігі тұрғысынан да айтады.
Мәдениет өмірдің ерекше саласы ретінде	Бұл тұғырдың өкілдері мәдениетті әлеуметтік процестерден жекеленген, бөлек кеңістік ретінде қарастырады. П.Сорокин [7] оны «ұғымдарды, құндылықтарды, нормаларды, олардың өзара әрекеттесуі мен қатынастарын қамтитын суперорганикалық әмбебап» деп анықтайды.

А.С.Запесоцкий [8] мәдениеттанымдық тұғырдың келесі элементтерін бөліп көрсетеді:

- зерттелетін мәселені мәдениет призмасы арқылы жүйенің белгілі бір құрылымы мен барлық сипаттамаларына ие тұтас механизм ретінде қарастыру;
- мәдениет тарихы контекстіндегі мәселені зерттеу (тік кесу);
- мәдениет, мәдени үлгілер, нормалар, құндылықтар, өмір салты және өмір салты сияқты жүйе құраушы ұғымдар призмасы арқылы қарастыру.

В.М.Розин мәдениеттанымдық тұғырды қолданудың үш кезеңнен тұратын алгоритмін ұсынды:

1) материалды гуманитарлық проблемаландыру (проблеманы пайымдау және түсіндіру қажет). Мәдени көзқарас тарихи оқиғалардың әртүрлі түсіндірмелерін, соның ішінде тарихқа әртүрлі этникалық топтардың объективі арқылы қарауды қарастыруға мүмкіндік береді, бұл бай және көп қабатты тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді;

2) мәдениетті және оның құбылыстарын басқа мәдениеттермен салыстыру және талдау. қазақстандық тұғырдың бірегей аспектілерін анықтау үшін білім беруді жүзеге асырылатын басқа елдермен салыстыру жүргізуге болады;

3) жетекші белгілерді, құрылымдар мен қатынастарды, яғни мәдениеттің негізгі құрылымын анықтайтын, оның тұрақтылығы мен өміршеңдігін қамтамасыз ететін сипаттамаларды бөлу.

Осы тұғыр аясында Т.Б.Алексеева педагогикалық құбылыстарды зерттеу схемасын негіздеді: материалды гуманитарлық проблемаландыру; зерттелетін мәдениет түрінің сипаттамасы; зерттелетін мәдениет түрінің сипаттамасына негізделген мәселені түсіндіру. Сондай-ақ, мәдениеттанымдық тұғыр курсанттарды жалпы адамзаттық мәдениетке баулу, мәдениетте өзін-өзі жүзеге асыру процестерін қарастырады.

Мәдени көзқарасты анықтауда қалыптасқан тұжырымдар мен пайымдаулар бар. Оның бірі – бұл білім беру саласындағы мәдени құндылықтар бағдарын қабылдауға бағытталған теориялық және әдіснамалық негіздері және тәжірибелік-ұйымдастырушылық іс-шаралар. Келесі пайымдау – мәдени модельдің өзара әрекеттесуінде мәдениеттанымдық өмір сүру аясында жеке тұлғаны зерделеу.

Әдіснамалық тұғырлар негізін зерделеген әйгілі ресейлік ғалым В.В.Краевский білім беру негізі ретінде білім алушыны жалпыадамзаттық құндылықтар мен тәжірибеге баулу негізінде жеке тұлғаның эмоционалды-құндылық қатынастарының шығармашылық

қызметін реттелетінін айқындап береді. Мәдениеттің орталық, жүйе құраушы элементі – өмірдің барлық салаларындағы адамдардың санасы мен мінез-құлқын анықтайтын құндылықтар.

Мәдениеттанымдық тұғыр курсанттардың тарихи санасын қалыптастырудағы мәдениеттің, дәстүрлердің, рәміздердің және құндылықтардың маңыздылығына баса назар аударады. Бұл тұғыр ұлттық құндылықтар мен мәдени контексттердің тарихты қабылдауға және курсанттардың жеке басына қалай әсер ететінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Курсанттардың тарихи санасы рәміздер, рәсімдер мен дәстүрлер маңызды рөл атқаратын белгілі бір мәдени жүйе шеңберінде қалыптасады. Мысалы, қазақ мәдениеті, оның мифтері, эпостары мен ауызша халық шығармашылығын қоса алғанда, тарихты қабылдауға әсер ететін бірегей мәдени контекст жасайды. Ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдени көзқарас тарихи жадтың ұрпақтар арқылы берілетін және оның курсанттардың ұжымдық санасын қалыптастырады.

Мәдениеттанымдық тұғыр курсанттардың тарихи санасын қалыптастырудағы ұлттық құндылықтардың әсерін қарастыру мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтар курсанттардың өз еліне деген патриоттық сезімін қалыптастыруға және оның тарихын құрметтеуге ықпал етеді. Ол ұлттық мәдени дәстүрлер, патриоттық рәсімдер мен мәдени іс-шаралар арқылы жүреді.

Ұлттық мәдени дәстүрлері мысалы, ұлттық мерекелерді атап өту сияқты қазақ дәстүрлері курсанттардың тарихи санасын нығайтуға көмектеседі.

Патриоттық рәсімдер, еске алу күндері сияқты есте қаларлық іс-шараларға қатысу курсанттарда тарихи оқиғалардың маңыздылығы мен олардың қазіргі заманға әсері туралы түсінік қалыптастырады. Бұл тарих пен мәдениетке эмоционалды байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихы мен әскери қызметке арналған көрмелер, дәрістер мен конференциялар өткізу, мұражай сияқты әр-түрлі мәдени мекемелерге бару мәдени іс-шаралары ұлттық құндылықтар призмасы арқылы тарихи оқиғаларды талқылауға және түсінуге кеңістік жасайды.

Тұжырымдай келе, Қазақстан Республикасының ӘАОО-да курсанттардың тарихи санасының қалыптасу проблемасын зерттеуде мәдениеттанымдық тұғыр:

а) курсанттардың әлемдік және ұлттық мәдениеттің негіз құраушы ұлттық құндылықтардың, мәдени дәстүрлердің мағынасы мен тәжірибелердің тарихты түсіну және қабылдаулары барысында өздерінің мәдени сәйкестіктерін түсінулеріне;

ә) курсанттардың мәдени тұрғыда өз-өздерін тәрбиелей және дамыта алатын субъект ретінде қарастыруға;

б) әр курсантқа ұлттық құндылық бағдарлар қалыптастыру үшін қажетті білім, білік, дағдылар қоржынын шығармашылықпен толықтырып, тұлғалық қасиеттер қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық жағдайлар жасауға;

в) патриотизм мен өз еліне тиесілі болу сезімін қалыптастыратын мәдени бірегейліктің негізгі элементтерін анықтауға ықпал етті.

Сонымен бірге:

а) курсанттардың тарихи санасын қалыптастырудағы неғұрлым маңызды мәселелерді анықтау мақсатында әскери, арнаулы оқу орындарында білім мен тәрбие беру жағдайын сараптауға;

ә) курсанттардың тарихи санасын қалыптастырудың ұсынылған моделі мен бағдарламасын жүзеге асыру үшін туғызылған педагогикалық жағдайдан алынған нәтижелердің қаншалықты бағалылығын анықтауға;

б) курсанттардың тарихи санасын қалыптастыру бойынша жасалған бағдарлама және нақты педагогикалық ахуал негізінде педагогикалық жүйенің дамуын болжауға мүмкіндік берді.

Келесі Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие және идеологиялық жұмыс процесінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастыру проблемасын зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде Этнопедагогикалық тұғырдың әлеуетін қарастырайық.

Этнопедагогикалық тұғыр зерттеудің әдіснамалық қағидаты ретінде нақты әлеуметтік ортаның ерекшелігі мен этностар бірлігін қарастырады. Бұл жағдайда этнос деп арнайы тұрақты қоғамның әлеуметтік тобын белгілеп, ұлттық этносқа жатқызылады. Қазақ қоғамының ерекшелігін айтатын болсақ, ұлттық құндылықтар жүйесі ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық арқылы дамып, халықтық және топтық қоғамдық пікірлерге ие болып, ұлттық сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

«Этнопедагогика» терминін ғылыми қолданысқа алғаш рет профессор Г.Н.Волковтың енгізгені белгілі. Ол бұл ұғымға «этникалық педагогика халықтың педагогикалық мәдениетімен қатар, ұлттық тәрбие жүйесіндегі эволюциялық өзгерістер нәтижесінде, тарихи жағдайлардың әсерімен қалыптасқан ұлттық мінездің ерекшеліктерін зерттейді», – деп түсініктеме береді.

К.Д.Ушинскийдің халықтық қағидаты келесі құндылықтарды сақтап қалуға бағытталған ұмтылысымен сипатталады:

- 1) жетілген адамның идеалында көрінетін *ұлттық «мен»*: а) тілі; ә) өзіндік санасы; б) мінезі;
- 2) өзіндік бейнесі;
- 3) сабақтастық: а) тарих; ә) мәдениет; б) халық;
- 4) халықтың бірлігі (бұрынғы, қазіргі және болашақты ұлы, тарихи тірі біртұтасқа біріктіру).

Педагогика ғылымының түп-тамырымен байланысқан, адамзат үшін жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйінген қазақ этнопедагогикасының өзіндік бейнесі бар, себебі оның зерттеу пәні – тарих, тіл, мәдениет, өмір жағдайларымен негізделген, өзіне ғана тән ерекшеліктері бар қазақ этникалық тәрбие жүйесі болып табылады. Ал қазақ этнопедагогикасының мақсаты – бастау көзі халықтың философиясында, халық даналығында, фольклорда болып саналатын халықтың мәдени құндылықтарына баулу болып табылады.

Халықтық қағидатының идеялары Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов сынды қазақ педагогтары мен қоғам, саяси қайраткерлердің барлық еңбектерінде көрініс табады. Мысалы, Мағжан Жұмабаев жеке тұлғаны тәрбиелеудің мақсатын, ұлттың өкілін тәрбиелеу мақсатымен бірлікте қарастырады. Осыған орай, «әрбір тәрбиеші ұлттық тәрбиемен таныс болуы керек». Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов білім алушыларды ана тілінде оқытуға үлкен мән берді.

Жүсіпбек Аймауытовтың еңбектерінде, аса толыққанды түрде халықтық, яғни этникалық қағидаты қарастырылады және ол да ана тілінің рөліне үлкен мән береді. Оның бейнелі көрсетуі бойынша, тіл – бұл халықтың рухының мықты болатын, дамитын және байитын қуатты дінгегі болып табылады. Оның пікірінше, халықтың өзіндік бейнесін сақтауға, балаларды туған халқының әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен, жергілікті жетістіктерімен таныстыру арқылы, туған жерге деген махаббат сезімін қалыптастыруға ықпал етуге болады.

Халел Досмұхамедов: «Мәдениеттің негізі – білім. Білімді тіл арқылы меңгереді. Білімді, сауатты халықтардың тілі бай болады. Тіл – халықтың жаны. Ана тілін білмеген халықтың болашағы жоқ. Мәдениетке ұмтылу, ең алдымен, тілдің өзгеріске түсуінде байқалады. Тілінен айырылған халық та жоғалады... Ана тілін таратушы ретінде ғана емес, басқа тілді керемет меңгерсе нұр үстіне нұр болар еді. Бірақ, ана тілін білмей, басқа тілде сөйлесең, өкінішті. Бұл – орны толмас қателік. Мұны мұғалімдер мен оқушылар есте сақтаулары қажет», – деген [9].

Қорқыт баба өсиеттерінен бастау алған ұрпақ тәрбиелеу ісінде батырлық пен ерлік рухында тәрбие беру қағидасын жоғары бағалап, өз Отанын жаудан қорғауға, Отан үшін

жан қию ердің мұраты деп түйіндейді.

Ж.Баласағұн түсінігінде мейірімділік пен бақыт ізгілігін өмір салтына балайды. «Адам өмірде өз ойындағы мақсаттарға жеткісі келсе, ол дұрыс тәрбие алуы керек» деп, халыққа тән үлгі бейнесін береді.

Қожа Ахмет Йасауи руханилық пен тазалық, шындық пен ақиқат сынды әдіснамалық ұстанымдарын анықтайды.

Шығыстың ғылама-ойшылдарымен Абай тұжырымының сабақтастығы, қазақ этникалық бірлігі тіл және мәдени, адамзаттық бірлікті түсінуге бағыт беруінде. «Адам бол!» идеясы адамды жетілдіруге, кемелдену баспалдағынан биік асуларды меңгеруді көздеуінде.

Ғалым-педагог Ш.Т.Таубаева – «әдіснама» ұғымына мазмұны жағынан «ұстаным» ұғымының өте жақын келетіндігін атап өткен. Ұстаным (принцип, лат. *principium* - басы) – бұл педагогикалық білім алу және жүйесін құру негізіндегі, сондай-ақ, танымдық акті және қайта құру актілері немесе басқа педагогикалық объекті негізіндегі неғұрлым жалпы, маңызды және бастапқы ережелер. Сонымен қатар, бұл педагогикалық болмысты тану және қайта құру принципі бағыттаушы және зерттеуші фактілер, ұғымдар, заңдар және теориялар арасындағы тұтастық байланысын қамтамасыз ететін ғылыми танымның ерекше үлгісі.

Осы тұрғыда этнопедагогикалық тұғыр келесі ұстанымдарды (қағидаттарды) қамтиды:

- объективтілік – шындықты оның нақты заңдылықтары мен жалпы формаларында тану;
- жан-жақтылық – шындық құбылыстарының әмбебап байланысы;
- нақтылық – заттар немесе өзара байланысты заттар жүйесі, олардың барлық жақтары мен байланыстары, олар сезімдік-нақты немесе ақыл-ой-нақты ретінде көрінеді;
- тарихилық – өткен, қазіргі және болашақ сияқты күйлердің біртұтас үздіксіз бірлігі түрінде уақытқа бағытталу тұрғысынан шындықтың дамуы;
- қарама-қайшылық – заттар мен құбылыстардың нақты қайшылықтарын есепке алу [5,153].

Этнопедагогика педагогикалық пәннің саласы бола отырып, өз зерттеулерінде дәстүрлі жалпы педагогикалық әдістерді де, оның пәнінің ерекшеліктерін ескеретін әдістерді де қолданады. Оларға мыналар жатады: фольклорлық материалдарды зерделеу, жазбаша дереккөздерді зерделеу, археологиялық материалдар, тарихи-педагогикалық талдау, социологиялық салыстыру, этнопедагогикалық эксперимент.

Этнопедагогикалық тұғыр этникалық бірегейлік пен ұлттық құндылықтардың ерекшелігін ескере отырып, білім берудің мәдени, тарихи және әлеуметтік аспектілеріне назар аударады. Қазақстан Республикасының әскери, арнаулы оқу орындарында курсанттардың тарихи санасын қалыптастыру контекстінде бұл тұғыр қазақ мәдениеті мен тарихының элементтерін білім беру процесіне біріктіруге мүмкіндік береді, бұл олардың қазіргі қоғамдағы рөлін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Этнопедагогика этникалық және мәдени ерекшеліктердің оқу мен тәрбие процесіне қалай әсер ететінін зерттейді. Ол мәдени ұлттық құндылықтарды, дәстүрлер мен тәжірибелерді сақтауға және беруге бағытталған. Қазақстанның ұлттық құндылықтары ата-бабаларды құрметтеу, патриотизм, халық бірлігі, мәдени мұра және рухани дәстүрлер сияқты аспектілерді қамтиды. Бұл құндылықтар курсанттардың тарихи санасын қалыптастыруға негіз болады.

Курсанттардың фактілерді игеріп қана қоймай, олардың этникалық сәйкестігі мен ұлттық құндылықтары контекстіндегі маңыздылығын түсінуі маңызды. Бұл Қазақстанмен байланысты тарихи оқиғаларды және олардың қазіргі қоғамға әсерін түсінуді қамтиды.

Осы тұғырдың негізгі элементтерін қарастырайық:

1. Ұлттық бірегейлік: зерттеу курсанттардың тарихи санасы, олардың ұлттық бірегейлігімен байланысын ескеруі керек. Бұл тарихи сананы қалыптастыруда маңызды

рөл атқаратын мәдени дәстүрлерді, тілді, әдет-ғұрыптар мен рәміздерді түсінуді қамтиды.

2. Этномәдени құндылықтар: Қазақстанның этномәдени құндылықтардың тарихты қабылдауға және курсанттардың тарихи санасын қалыптастыруына әсері.

3. Мәдени дәстүрлер: қазақ мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының курсанттардың тарихи санасын қалыптастыруға әсері. Бұған фольклор, ауызша халық шығармашылығы және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тарихи нарративтер кіреді.

4. Субъектілердің рөлі: курсанттардың тарихи санасын қалыптастырудағы субъектілердің рөлі, олардың тарихи білім мен құндылықтарды беру тәсілдері. Тарихи сананы қалыптастыруға ықпал ететін этнопедагогикалық құндылықтарды берудегі олардың рөлі.

5. Салыстырмалы талдау: этнопедагогикалық тұғырлар қазақстандық контексттің бірегей ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылатын басқа елдердегі тәжірибелермен салыстыру.

Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары негізінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастыруды зерттеуге этнопедагогикалық тұғыр ұлттық құндылықтар мен мәдени аспектілерді білім беру процесіне біріктірудің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл курсанттардың кәсіби дамуына ғана емес, сонымен қатар жаһандану мен мәдени әртүрлілік жағдайында өзекті болып табылатын олардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл тұғырды қолдану саналы патриотизмге және өз елінің мәдени мұрасын құрметтеуге қабілетті болашақ офицерлерді тәрбиелеу мен даярлаудың тиімділігін едәуір арттыра алады.

Тұжырымдай келе, Қазақстан Республикасының ЭАОО-да курсанттардың тарихи санасының қалыптасу проблемасын зерттеуде этнопедагогикалық тұғыр:

а) курсанттардың әртүрлі этникалық топтармен және олардың тарихымен өзара әрекеттесуінің неғұрлым жан-жақты және көп қырлы тарихи сананы қалыптастыруға әсерін талдауға;

ә) ұлттық дәстүрлер мен тәжірибелерге негізделген тәрбие әдістері мен құралдарын таңдауға;

б) ұлттық құндылықтарды курсанттардың тарихи санасын қалыптастырудың негізі ретінде қарастыруға;

в) ұлттық мәдениет пен дәстүрге негізделген тиімді педагогикалық әдістерді әзірлеу құралдарын ұсынаға ықпал етті.

Қорытынды. Осылайша, біз анықтаған диссертациялық зерттеудің әдіснамалық өрісі Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие және идеологиялық жұмыс процесінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастыру мәселесін сипаттауда маңызды рөл атқарады деп санаймыз.

Таңдалған әдіснамалық тұғырлар келесі мүмкіндік береді:

- Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие және идеологиялық жұмыс процесінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастыру мәселесін тиімді зерттеу;

- Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие және идеологиялық жұмыс процесінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастырудың моделі мен әдістемесін құруға ықпал етеді;

- тарихи сананы қалыптастыру процесінің дамыту бағыттарын анықтау.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы. 1995 ж. // Deutsche Allgemeine Zeitung.- № 28. - 15 шілде 1995. - <https://daz.asia/ru/>. (қаралған күні 2024 жылғы 09 қаңтар).

2 Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы / <https://www.akorda.kz/> (қаралған күні 2024

жылғы 25 сәуір).

3 Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. – Алматы: Научное издание, 2016. – 423 с.

4 Таубаева Ш.Т. Философия и методология педагогики: учебник. Под редакцией д.филос.н., профессора А.Р. Масалимовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 350 с.

5 Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2013. – 432 б.

6 Тайлор Э.Б. Первобытная культура. Библиотека атеистической литературы. Перевод с англ. М.: политиздат, 1989г. - 573с.

7 Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество. - М.: Политиздат, 1992г. 544 с.

8 Запесоцкий А.С. Образование: философия, культурология, политика. - М.: Наука, 2002. - 454 с.

9 Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика: оқулық.- Алматы: 2013. - 292 б.

REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasynda tarıhı sanany qalyptastyry tujyrymdamasy. 1995 j. // Deutsche Allgemeine Zeitung.- № 28. - 15 shilde 1995. - <https://daz.asia/ru/>. (qaralğan kúni 2024 jylǵy 09 qańtar).

2 Ulttyq quryltaıdyń ekiqabatty otyrıs / <https://www.akorda.kz/> (qaralğan kún 2024 jyl 25 saýle).

3 Taubaeva Sh. T. Issledovatel culture teacher: from theory to practice. - Almaty: scientific discovery, 2016 – - 423 P.

4 Taubaeva sh.t. Philosophy and methodology of pedagogy: учебник. Under the editorship of D. Philos.N., Professor A. R. Masalimovoy. - Almaty: Kazakh University, 2020 . - 350 c.

5 Taubaeva Sh.T. Pedagogy of adisnamasy. Oku kuraly. – Almaty: Karasai, 2013. – 432 b.

6 Taylor E. B. The First culture. The library of atheistic literature. Crossing with England. M.: politizdat, 1989g. - 573s.

7 Sorokin P. A. Chelovek. Civilization. The public. - M.: Politizdat, 1992 G. 544 P.

8 Zapesotsky A. S. education: philosophy, culturology, politics. - M.:Nauka, 2002.-454 P.

9 Qojahmetova K.J. Etnopedagogika: oqulyq.- Almaty: 2013. - 292 b.

Автор туралы мәлімет:

Аманжолұлы Айдын, *подполковник, әскери іс және қауіпсіздік, докторант*, aidinknb@mail.ru.

Сведения об авторе:

Аманжолұлы Айдын, *подполковник, магистр военного дела и безопасности, докторант*, aidinknb@mail.ru.

Information about the author:

Amanzholuly Aidyn, *lieutenant colonel, master of military affairs and security, doctoral student*, aidinknb@mail.ru.

Мақаланың редакцияға түскен уақыты: 18.10.2024 ж.

ӘОЖ 373

FTAMP 14.25.07

Ы.А. НӘБИ¹, Г.Г. ШАПРОВА², Ә.Ә. ТӨЛБАЕВ³, Ө.Ш. ИБІШЕВ⁴¹*Alikhan Bokeikhan University, Семей қ., Қазақстан Республикасы*²*Халықаралық білім беру корпорациясы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы*³*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы*⁴*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы***«ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ» ПӘНІ БОЙЫНША ҮЛГІЛІ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖАҢАРТУ МОДЕЛІ**

Түйіндеме. «Графика және жобалау» оқу пәні жаратылыстану-математикалық бағыттағы стандартты деңгейдегі пәндерге жататынын, мектепке енгізілетін жаңа («сызу 2 орнына») пәндердің бірі болып табылатынын және оқушылардың графикалық және жобалау іс-әрекетін қалыптастыруға, олардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға елеулі үлес қосатынын, ал қолданыстағы үлгілі оқу бағдарламасында (ҮОБ) кемшіліктер бар екенін ескеріп, авторлар пән оқыту мақсаты мен мазмұнын жаңартуды жоспарлады. Ол үшін ҮОБ жаңартудың құрылымдық-мазмұндық моделі түзілді. Моделдің артықшылығы мынада: ол тұжырымдамалық және моделдеу кезеңдерінен тұрады, оның құрылымдық бөлімі әмбебап болып табылады, себебі қандай да ҮОБ-ны құрастырмай тұрып мәселені анықтап, кейін ғылыми тұрғыдан тұжырымдап, кіру және шығу параметрлерін сипаттау керек екені аталған. Келесі кезеңде моделдің мазмұндық компоненті ашып көрсетілген, ол әр ҮОБ үшін әртүрлі болады. Жаңартылған ҮОБ техникалық бағытта білім алу үшін қажет тақырыптарды қамтиды.

Түйін сөздер: графика және жобалау, үлгілі оқу бағдарламасы, құрылымдық-мазмұндық модел, техникалық бағыттылық.

Ы.А. НӘБИ¹, Г.Г. ШАПРОВА², Ә.Ә. ТӨЛБАЕВ³, Ү.Ш. ИБІШЕВ⁴¹*Alikhan Bokeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан*²*Международная образовательная корпорация, г. Алматы, Республика Казахстан*³*Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан*⁴*Казахский национальный аграрный исследовательский университет, г. Алматы, Республика Казахстан***МОДЕЛЬ ОБНОВЛЕНИЯ ТИПОВОЙ УЧЕБНОЙ ПРОГРАММЫ
ПО ПРЕДМЕТУ «ГРАФИКА И ПРОЕКТИРОВАНИЕ»**

Аннотация. Учитывая, что учебный предмет «Графика и проектирование» относится к дисциплинам стандартного уровня естественно-математического направления и является одним из новых (взамен «черчение»), вводимых в школу, и вносит существенный вклад в формирование графической и проектной деятельности учащихся, развитие их интеллектуальных, творческих способностей, а имеющаяся типовая учебная программа (ТУП) имеет недостатки, авторы планировали обновить цель и содержание обучения предмету. Для этого была разработана структурно-содержательная модель обновления ТУП. Преимущество модели заключается в том, что она состоит из концептуального этапа и этапа моделирования, структурная часть которой является универсальной, поскольку было отмечено, что перед составлением какого-либо ТУП

необходимо определить проблему, а затем сформулировать ее с научной точки зрения и описать параметры входа и выхода. На следующем этапе раскрыта содержательная составляющая модели, которая будет отличаться для каждого ТУП. Обновленная ТУП содержит темы, необходимые для получения знаний технической направленности.

Ключевые слова: графика и проектирование, типовая учебная программа, структурно-содержательная модель, техническая направленность

Y.A. NABI¹, G.G. SHAPROVA², A.A. TOLBAEV³, U.S. IBISHEV⁴

¹*Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan*

²*International Educational Corporation*

³*Kazakh Agrotechnical Research University named after S.Seifullin,
Astana, Republic of Kazakhstan*

⁴*Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Republic of Kazakhstan*

THE MODEL OF UPDATING THE STANDARD CURRICULUM FOR THE SUBJECT "GRAPHICS AND DESIGN"

Annotation. Considering that the subject "Graphics and design" belongs to the disciplines of the standard level of the natural-mathematical direction and is one of the new ones (instead of "drawing") introduced into the school, and makes a significant contribution to the formation of graphic and design activities of students, the development of their intellectual and creative abilities, and the existing standard curriculum has disadvantages, the authors planned to update the purpose and content of teaching the subject. For this purpose, a structural and substantive model of updating the standard curriculum was developed. The advantage of the model lies in the fact that it consists of a conceptual stage and a modeling stage, the structural part of which is universal, since it was noted that before compiling any standard training program, it is necessary to identify the problem, and then formulate it from a scientific point of view and describe the input and output parameters. At the next stage, the content component of the model is revealed, which will be different for each standard curriculum. The updated standard curriculum contains the topics necessary for obtaining technical knowledge.

Keywords: graphics and design, standard curriculum, structural and content model, technical orientation

Kіpіcne. «Графика және жобалау» оқу пәні мектепке енгізілетін жаңа пәндердің бірі болып табылады. Курс міндеттерінің бірі кең ауқымды машықтарды қалыптастыру болып табылады, атап айтқанда бұл машықтар: білімді қызмет пен шығармашылық үшін қолдану, сыни ойлау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, оқу сипатындағы мәселелерді шешу [1]. Орта мектепте бейіндеу оқу жоспарының вариативтік бөлігінде таңдау мүмкіншілігін кеңейту арқылы күшейтілетін болады [2].

Сонымен, пәннің мақсатына, атқаратын қызметіне, қалыптастыратын қабілеттерге қарағанда ол пән болашақта техникалық мамандықтарды қалайтын оқушыларға қажет болады. Осыны ескере отырып, жаңа орта мектепте графикалық даярлау сапасын жоғарылату мақсатында пән бойынша үлгілі оқу бағдарламасын жаңартуға аса назар аудару керек.

Мәселені қою. «Графика және жобалау» оқу пәнінің 2022 жылы бекітілген үлгілі оқу бағдарламасын талдау төмендегіні көрсетті. Күтілетін оқыту нәтижелері жүйесі пән оқыту мақсатында жүйеленген: білім алушыларға кескіндеу теориясы негізін таныстыру және меңгерту, жобалау және графикалық моделдеу әдістерінің заңдылықтары туралы білім беру, жобалық және шығармашылық қызметті дамытуға көмектесу, графикалық мәдениетті, графиканың дәстүрлі және заманауи құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Оқу бағдарламасын құру кезінде оқу үдерісін ұйымдастырудың қисынын анықтайтын графикалық іс-әрекеттің негізгі тәсілдері көрсетілген. Олар: кескіндерді қайта

өндіру; кескіндерді қайта құру; кескіндерді түрлендіру; кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру; кескіндер бойынша заттарды түрлендіру; графикалық модельдеу.

Көріп тұрғанымыздай, оқыту мақсатының тұжырымында кескіндеу теориясы, моделдеу, жобалық және шығармашылық іс-әрекет, графикалық мәдениет аталады. Сонымен қатар тұжырым 4 бөліктен тұрады, яғни шашыраңқы болып тұр, ал графикалық мәдениет – ол көптеген компоненттен тұратын және тұлғалық құрылым болып табылатын күрделі құбылыс, сондықтан оны қалыптастыру және мектеп бағдарламасы аясында қалыптасу деңгейін тексеру мүмкін емес.

Оқу бағдарламасындағы пән мазмұны кейбір артықшылыққа ие, мысалы «ақпаратты көрнекілендіру» түсінігі енгізілді, пәнді оқытудың техникалық бағыты ескерілді, 2 тақырып құрылымдау және жобалау дағдыларын дамытуға ықпал етеді, бірақ кескінді түрлендіру, пішін қалыптастыру, пішінді түрлендіру геометриялық-графикалық моделдеуге кіреді, сондықтан оларды жеке тақырыптарға бөлу орынсыз. Мұндай кемшіліктер орын алғанының себебі оқыту мақсатының, пән мазмұнының ешқандай ғылыми негіздеусіз, «графика және жобалау» пәнінің алдында мектепте өтілген «сызу» пәнімен сабақтастықты, дидактика заңдылықтарын ескермей құрылғанында. Осы айтылғанды басшылыққа ала отырып, біз пән бойынша үлгілі оқу бағдарламасын жаңартуды ғылыми дәйектеуді мақсат етіп отырмыз, яғни дәл осы мақала тақырыбы өзектілігінің айғағы болып табылады.

Негізгі бөлім. Модел зерттеу құралы ретінде нақты бір білім саласындағы нышандарды, фактілерді, қатынастарды кескіндеу керек [3]. Сонымен қатар моделдер практикалық әрекет ұйымдастыру тәсілі, үлгілі болып саналатын дұрыс әрекеттер мен олардың нәтижелерін көрсету тәсілі, болашақ жүйе бейнесі болып табылады [4]. Автор тұжырымдамалық кезеңдегі білім беру жүйесін жобалау қазіргі жағдайды егжей-тегжейлі талдау негізінде қайшылықтарды анықтаудан басталуы керек деп санайды. Бұл қайшылықтар кешенін анықтауға мүмкіндік береді, олардың ішінде негізгі, бас буынды бөліп көрсету керек. Бұл мәселелік жағдайды құрайды, яғни істердің қанағаттанарлықсыз жағдайы бұрыннан хабардар, бірақ оны өзгерту үшін не істеу керектігі әлі белгісіз болған кезде.

Мәселелік жағдай анықталғаннан кейін, автор атап өткендей, проблеманы тұжырымдау басталады. Мәселелік жағдайдан мәселені тұжырымдау үшін жетекші идея (немесе бірқатар жетекші идея) қажет. Идеямен белсендірілген мәселелік жағдай проблемаға айналады. Әрі қарай, автор моделдеудің тұжырымдамалық кезеңінің келесі кезеңін көрсетеді: тұжырымдалған мәселе мен белгіленген мәселеге сүйене отырып, мәселені шешудің мақсаты мен әрекеттері анықталады.

Автордың осы идеясын біздер моделдер құруда көп пайдаланғанбыз: [5], [6], [7] және басқалар. Бұл моделдердің барлығы кешенді болып табылады, себебі оларда біз кем дегенде екі блокты бөліп шығарып, элементтер арасындағы байланыстарды, үдерістегі олардың арасындағы қатынастарды көрсеткенбіз. В.И.Писаренко жазғандай, қазіргі заманғы диссертациялық зерттеулерде объектінің мәнін де, оған тән үдерістерді де көрсететін кешенді модел жасауға тырысу өте жиі кездеседі. Мұндай моделдерде блоктар ұсынылады, мысалы, теориялық-әдістемелік, диагностикалық, технологиялық, нәтижелі және т.б. Бұл блоктарда моделдің мәнін көрсету үшін қажет нәрсенің бәрі бар. Моделдердің мұндай пішіні толығырақ ақпаратты қамтиды, ал бұл жәйт моделдердің мәнін қадағалап қана қоймай, мысалы, олардың дамуының негізінде жатқан теориялық көзқарастарды қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, автор мұндай моделдердің кемшіліктерін атап көрсетеді: олар практикалық тұрғыдан нысанның мәнін де, оның жұмыс істеу ерекшеліктерін де түсінуді қиындатады; оларда бір блокта орналастырылуы керек көптеген элемент пен компонент болады; модел авторы көбінесе моделдің мәнін құрайтын элементтерді ғана емес, сонымен қатар әсіресе маңызды болып табылатын олардың арасындағы байланыстарды да көрсету керек екенін ұмытады [8].

Біз автормен келісеміз, себебі мұндай моделдер белгілі бір қисынға ие, атап айтқанда мәні мен үдерісті біріктіру, бәрін жан-жақты көрсету қисынына. Шынында да, модел

элементтері арасындағы байланыстар элементтердің өздері сияқты маңызды, өйткені олар құрама бөліктер арасындағы қатынастарды, егер олар бар болса, олар тізбектеп орналасқан сатыны көрсетеді. Бірақ, біздің байқауымызша, жас авторлар осыған назар аудармайды. Дегенмен, бұған жатпайтын мысалдар да бар. Мәселен, К.М.Баймухамбетова, А.Е.Мамаева, К.Т.Ыбыраймжановтар құрастырған моделде авторлар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың меңгерілуге тиіс теориялық және әдіснамалық негіздерін, тәжірибелік бағытын анықтап, үш компонент пен көрсеткіштерді, деңгейлерді, даярлау мазмұнын, оқыту формалары мен әдістерін, инновациялық-ақпараттық ресурстар мен оқытудың инновациялық технологияларын, күтілетін нәтижені ашып беріп, зерттеу нысанын оның мақсаты мен міндеті үйлескен, логикалық тұрғыда жүйелі байланысқан үдеріс ретінде көрсеткен [9].

Дәл осы байланыстарды біз әзірленіп жатқан модельде көрсетуге тырысамыз. Бұл ретте біз [10] мақаласында баяндалған ұсыныстарды басшылыққа аламыз. Мақала авторы педагогикалық моделдердің бастапқы типологиясы мазмұны, құрылымы, функционалдығы бар жалпыланған моделдеу пәндеріне негізделуі керек деген қорытынды жасайды. Осы пәндерге сәйкес автор педагогикалық моделдердің негізгі түрлерін (мазмұндық, құрылымдық, функционалдық) енгізеді және олардың сипаттамаларын береді: мазмұндық моделдердің моделдеу пәні – белгілі бір атрибуттардың (қасиеттердің, белгілердің, сипаттамалардың және т.б.) жиынтығынан құралған зерттелетін педагогикалық нысанның мазмұны, оның спецификациясы үшін негіз болады; құрылымдық моделдер үшін моделдеу пәні зерттелетін педагогикалық объектінің құрылымы болып табылады, оған тән байланыстармен бірге оның компоненттері керек; функционалды моделдер үшін моделдеу пәні зерттелетін объектінің белгілі, педагогикалық маңызды функцияларын жүзеге асыруға бағдарлануы болып табылады.


Функционалдық моделдердің ерекшеліктеріне сүйене отырып, біздің жағдайымызда біз педагогикалық маңызды функцияларды жүзеге асыру мақсатын қоймаймыз, сондықтан құрылымдық-мазмұндық моделге тоқталамыз.

Сонымен, біз моделді екі блоктың (теориялық және практикалық) бірлігі ретінде бейнелейміз, ал теориялық блокты екі кезеңге бөлеміз: тұжырымдамалық (мәселені тұжырымдау; мәселе мен мақсатты анықтау) және жүйені модельдеу кезеңіне. Екінші кезеңде модель компоненттерін бөліп көрсетеміз және олардың бағыныштылығын, өзара байланысын және мазмұнын анықтаймыз. Олай болса, моделдің құрылымдық бөлігі үш бөліктен тұратын болады: кіру параметрлері, үдеріс, шығу параметрлері. Моделді осылай бейнелеу радиотехникада жиілікті түрлендіру аспабының жұмыс істеу сұлбасына ұқсайды: бұл аспапта гетеродиннен шыққан дабыл араластырғышқа енеді, ал араластырғышта қажет спектр пайда болады да, ал ол өз кезегінде қажет гармоникалар жиынтығын іріктеуге арналған жолақты сүзгіге өтеді. Біздің жағдайымыздағы кіру параметрлері – 10-11 сыныптарға арналған «Графика және жобалау» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында (ҮОБ) тұжырымдалған пән оқыту мақсаты мен мазмұны.

Үдерісті сипаттау үшін «Графика және жобалау» оқу пәні нысанының ерекшеліктерін атау керек. Бірінші ерекшелік мынада: оқушылар графикалық кескіндер салудың әртүрлі амалдарын меңгеру керек, ал бұл өз тарапында алдымен өзгеше бір қару және ойлау, таным, іздеу құралы ретінде, сонан кейін ғана ойды (ақпаратты) тасымалдау және бекіту құралы ретінде танылады. Графיקаны жобалау іс-әрекетінде пайдалану олардың жалпы зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға себеп болатыны екінші ерекшелік болып саналады. Расында, жобалық және графикалық іс-әрекетте шығармашылық ойлаудың көптеген негізгі құрама бөлігі қалыптасады: мәселені көрнекілендіру, шығармашылық әдістерді игеру, геометриялық және графикалық моделдеу, әртүрлі салалардағы графикалық бейнені түрлендіру. Графикалық іс-әрекеттің қалыптасқанының белгісі – ол білім алушының өз жобалық және зерттеушілік іс-әрекетінде біліммен, білікпен және құрал-саймандық мүмкіндіктермен қатар компьютерлік графика мүмкіндіктерін пайдалануға дайын болу.

